## Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлық ақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 13 ақпандағы N 509 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық Әділет басқармасында 2008 жылғы 22 мамырда N 5-17-84 тіркелді. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 маусымдағы N 652 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 27.06.2014 N 652 қаулысымен (ресми жарияланған күннен 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография мен пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 238-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлық ақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес анықталсын.

2. Тізбе келісуге Ұлан аудандық мәслихатына ұсынылсын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2008 жылғы 1 қаңтардан туындаған қатынастарға қолданылады.

*Ұлан ауданының әкімі М. Музапаров*

2008 ж 13 ақпан № 509 Ұлан ауданы әкімдігінің қаулысына № 1 қосымша

### Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі «Ұлан аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» мемлекеттік мекемесінің ауылдық (селолық) жердегі

**жұмысы үшін лауазымдық айлық ақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету мамандары лауазымдарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қызметкерлер:

оның ішінде: - жұмыспен қамту бөлімінің инспекторы, әлеуметтік көмек бөлімінің инспекторы, ардагерлермен жұмыс істейтін бөлімінің инспекторы.

*Ұлан аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы А. Ибраимова*

Ұлан ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 13 ақпандағы № 509 қаулысына 2-қосымша

**Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі «Ұлан ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлық ақыларын белгіленген мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі**

1. Кітапхана меңгерушісі;
2. Кітапханашылар;
3. Қазыналық кәсіпорынның басшысы;
4. Әдістемеші;
5. Мәдени ұйымдастырушы;
6. Әртіс;
7. Мәдени көркемдік жетекші;
8. Режиссер;
9. Аккомпониатор;
10. Хореограф;
11. Музыкалық жетекші;
12. Музыкалық пульттың операторы;
13. Әнші;
14. Қойылым режиссері;
15. Суретші;
16. Костюмдер сақтаушы;
17. Клуб меңгерушісі;

18. Концертмейстер;

19. Хормейстер.

*Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бастығының міндетін атқарушысы Г. Тулеуханов*

Ұлан ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 13 ақпандағы № 509 қаулысына 3-қосымша

## Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі «Ұлан ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ауылдық (селолық) жердегі жұмыс үшін лауазымдық айлық ақыларын көтеру белгіленген білім мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын, орталық, мектепке дейінгі мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы және басшысының орынбасары, кітапхана, интернат, шеберхана, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес, оқу-өндірістік пункт, әдістемелік кабинет меңгерушісі.

2. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдары: барлық мамандықтар мұғалімдері, аға тәрбиеші, тәрбиеші, аға шебер, шебер, аға тәлімгер, оқытушы, концертмейстер, әдістемеші, көркем жетекші, музыкалық жетекші, нұсқаушы, әлеуметтік педагог, педагог-ұйымдастырушы, қосымша білім педагогы, педагог-психолог.

3. Мамандар (бас, аға), оның ішінде: кітапханашы, тәлімгер, хореограф, шаруашылық меңгерушісі (арнаулы кәсіптік және жоғарғы кәсіптік білімі болса), лаборант (арнаулы орта педагогикалық және жоғарғы кәсіптік педагогикалық білімі болса).

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерістер мен толықтыру енгізілді - Ұлан ауданы әкімдігінің 2010.03.01 № 635 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

*"Ұлан ауданының білім беру бөлімінің бастығы" Г. Бояубаева*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК